In addition, to date, state universities have become joint-stock companies, corporate governance has been introduced and boards of trustees have been established. In 2017, supervisory boards, trustees and directors were included in 92 universities. The councils included representatives of state bodies, subsidies, public leaders, authorities, business, non-profit organizations, etc. [6]. This type of management model is applicable not only to private universities, but also suitable for public universities, which can help universities move towards academic freedom and autonomy. Thus, Kazakhstan higher education has defined the new management as corporate, so that the system is effective and efficient, to help and autonomy.

CONCLUSION

The centralized management system of higher education in Kazakhstan was a legacy of the Soviet Union, of which it was a part.

Since the period of independence, Kazakhstan has been building its own system of higher education. This process was lengthy and characterized by several stages. The reform of the higher education system required the development and implementation of new legal acts, changes in the corporate governance system, the introduction of autonomy and internationalization. All of them were aimed at decentralizing the university management system.

The introduction of corporate governance and the reduction of the influence of the state had a positive impact on the development of the higher education system in Kazakhstan.

A significant impetus to the development of higher education in Kazakhstan was given by the entry into the Bologna Process, which contributed to the introduction of traditions and the system of academic freedom of the European level.

REFERENCES

1. Pricopie, A. C. (2018). *European Higher Education Area: The Impact of Past and Future Policies*. Cham, Switzerland: Springer Open.
2. Ogay, S. (2018). *Academic Autonomy in Higher Education in Kazakhstan: Beliefs and Experiences of Faculty Members in a National Higher Education Institution*. Nazarbayev University Graduate School of Education, 94.
3. Sarinzhipov, A. (2013). *Opportunities for Faculty to Influence Academic Matters at Kazakh National University and Eurasian National University*. UMI, 152.
4. Sh.Tasbulatova, D.-Z., B.Narbekova, S.A.Nurmagambetov, N.& M.Skiba, G. a. (2017). *Overview of the Higher Education System*. European Union, 1-38.
5. Massyrova R.a, T. A. (2014). *Changes in The Higher Education System of Kazakhstan*. Procida, 5.
6. Y. Nurlanov, M. A. (2017). *National Report*. Astana: IAC.
7. Bologna. (2019). *The strategy of Internationalization of Higher Education of the Republic of Kazakhstan-2025*.
8. Kuzhabekova, S. K. (2017). *Quality Assurance in Higher Education of Kazakhstan: A review of the system and issues*. In *The Rise of Quality Assurance in Asian Higher Education* (p. 109). Elesveir.
9. Ashirbekov15, Z. J. (2016). *Higher Education Internationalization: Insights from Kazakhstan*. HERJ, 21.
10. Center, B. P. (2020). *Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan Bologna Process and Academic Mobility Center*. Nur-Sultan: RSE on REM.
11. *Governance Framework for the Higher Education System*. (2016).
12. Moldiyar Yerzhebekov a, Z. T. (2012). *The Bologna process and problems in higher education*

system of Kazakhstan. Procidia/ Elsevier, 6.

13. Singh, K. (2012). Report of the Special Rapporteur on the right to education. Nur-Sultan: Institute of legislation and legal information of the Republic of Kazakhstan» of the Ministry of Justice of Republic of Kazakhstan.

14. Soltys, J. D. (2013). Implementaion Bologna in Kazakhstan: A guide for Universities. Almaty Astana: Acaedmpress.

ДЖАМАЛУДДИН ГУЛАБУДДИН

ҚАЗАҚСТАНДА ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы

Мемлекеттік басқару академиясының 2-курс магистранты,

e-mail: g.jamaluddin@apa.kz

Аңдатпа. Әр заманауи мемлекеттегі жоғары білім беру жүйесі адами капиталды дамытуда маңызды рөл атқарады. Бүгінгі таңда университеттер экономиканың барлық салалары үшін кәсіби мамандарды қалыптастырудағы өз рөлін сақтай отырып, ғылымның, технологияның орталықтарына айналууда. Бүгінгі таңда Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі реформалау сатысында тұр. Бірнеше кезеңде жүргізілген реформалар жоғары оқу орындарын басқару жүйесін орталықсыздандыруға, университеттердің автономиясын кеңейтуге және интернационализациясына бағытталған. Зерттеу барысында біз ғылыми әдебиеттерді, ашық дереккөздерден алынған құжаттарды, ғылыми мақалаларды, жоғары білімді басқару жөніндегі мемлекеттік органдардың заңдары мен актілерін зерттедік.

Түйін сөздер: Қазақстандағы жоғары білім беру, жоғару білім беру жүйесі, Қазақстанның жоғары білім берудегі реформалар, жоғары білім беруді басқару

ДЖАМАЛУДДИН ГУЛАБУДДИН

СИСТЕМА УПРАВЛЕНИЯ ВЫСШИМИ УЧЕБНЫМИ ЗАВЕДЕНИЯМИ В КАЗАХСТАНЕ

Магистрант 2 курса Академии государственного управления

при Президенте Республики Казахстан, e-mail: g.jamaluddin@apa.kz

Аннотация. Система высшего образования в любом современном государстве играет важную роль в развитии человеческого капитала. Сегодня университеты становятся центрами науки, технологий, сохраняя свою роль в формировании профессиональных специалистов для всех отраслей экономики. На сегодняшний день система высшего образования Казахстана находится на стадии реформирования. Реформы, проведенные в несколько этапов, нацелены на децентрализацию системы управления высшими учебными заведениями, расширение автономии и интернационализацию университетов. В ходе исследования нами была исследована научная литература, документы из открытых источников, научные статьи, законы и акты государственных органов по управлению высшим образованием.

Ключевые слова: высшее образование в Казахстане, система высшего образования, реформы в высшем образовании Казахстана, управление высшим образованием

FTAMP 14.29.01

**Л.А. БУТАБАЕВА, С.К. ИСМАГУЛОВА, Г.А. НОҒАЙБАЕВА,
М.Ж. ТЕМИРБАЕВА, А.Қ. ЖҮСІП**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: l_askarovna@mail.ru, svetlana_isk@list.ru, nogaibaeva09@mail.ru,

maiya_tem@mail.ru, zhussipaidana@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанның орта білім беру ұйымдарындағы инклюзивті білім берудің жағдайын зерттеу нәтижелері ұсынылған. Зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін бірқатар іс-шаралар орындалды: зерттеу әдіснамасы әзірленді, өңірлерде зерттеуді апробациялау іске асты, сәйкесінше зерттеу құралдарына өзгерістер енгізілді, зерттеу барысында алынған деректер жинақталып, өңделіп, нәтижелер талданып, тиісті қорытындылар шығарылды.

Түйін сөздер: ерекше білім беруді қажет ететін балалар, инклюзивті білім беру, сапалы қолжетімді білім беру, инклюзивті мәдениетті құру, инклюзивті саясатты әзірлеу, инклюзивті практиканы дамыту.

КІРІСПЕ

Әлемнің бәсекеге қабілетті елдерінде инклюзивті білім беру жалпы білім беру жүйесін дамытудың маңызды бағыттарының бірі ретінде есептеледі. Себебі дамыған халықаралық қауымдастықта инклюзивті білім беру әрбір адамның қандай да бір кемсітушіліксіз білім алу құқығын іске асырудың маңызды құралы ретінде әлдеқашан мойындалған.

Біздің еліміз де аталмыш ұстанымды қолдайды. Мұны әрбір баланың сапалы білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз етудің білім беру саласын дамытудағы басты міндет болып есептелетіндігі айғақтай түседі.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «*Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклюзивті болуға тиіс*» деп атап өтті [1].

Инклюзивті білім берудің басты аспектілерінің бірі болып есептелетін инклюзивті саясаттың соңғы жылдары елімізде қарқынды түрде дамып келе жатқандығын да байқауымызға болады. Атап айтар болсақ, бірқатар құжаттар ратификацияланды, заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізілуде, барлық мүдделі тараптардың қатысуымен әртүрлі деңгейлерде талқылаулар іске асуда.

Сонымен қатар 2021 жылдың 26 маусымында Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Оның негізінде білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі реттеледі. Құжат сондай-ақ білім беру ұйымы басшыларына мүгедектігі бар балаларды білім беру ұйымдарына

оқуға қабылдауды бұзғаны үшін немесе білім үшін арнаулы жағдайлар жасамағаны үшін жауапкершілік жүктейді [2].

Халықаралық сарапшылардың пікірінше, әлемдегі әлеуметтік тұрғыдан осал балалардың жергілікті мектептерде қолжетімді білім алуын қамтамасыз ету үшін білім беру жүйесі мен білім беру саласында жұмыс істейтін барлық адамның құндылықтары мен принциптерін түбегейлі өзгерту қажет.

Сонымен қатар инклюзивті білім беруге қатысты жоғары экономикалық дәлелдерді де атап өту қажет. Ерекше қажеттілігі бар балаларға білім беру жақсы инвестиция болып есептеледі. Дүниежүзілік банк баяндамасына сәйкес (2005 ж.), бұл әлеуметтік қажеттіліктерге шығындарды азайтуға және адамның мемлекетке тәуелділігін төмендетуге мүмкіндік береді. ЮНЕСКО-ның 2009 жылғы зерттеуі көрсеткендей, Еуропа мен Орталық Азиядағы тұрғындардың еңбекке қабілетсіздігінен келетін шығын жалпы әлемдік ЖІӨ-нің 35%-ынан кем емес. Сонымен қатар инклюзивті білім беру отбасы мүшелерін күтім көрсетуден босатып, өндірістік қызметтің өзге түрлерімен айналысуға немесе өз ісіне уақыт бөлуге мүмкіндік береді.

Жалпы халықаралық тәжірибеге сүйенетін болсақ, инклюзивті білім берудің барлық бала үшін пайдасы зор. Себебі ол мектептегі білім беруді жоспарлау мен іске асыру әдістеріне маңызды өзгерістер енгізеді, адам құқығын қамтамасыз ету құралы ретінде қызмет етеді және қоғам мен білім беру саласында демократия мен дербестендіру процестеріне үлес қосады.

ӘДІСНАМА

Қазақстанда берілген бағдарды ұстана отырып және әлемдік және отандық тәжірибені ескеріп, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында инклюзивті білім беру мәселелеріне көп көңіл бөлінді, онда

маңызды міндеттердің бірі ретінде барлық білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау болып айқындалған [3].

Аталған міндеттерді шешу үшін инклюзивті саясатты әзірлеу, инклюзивті мәдениетті құру, инклюзивті практиканы дамыту мәселелеріне қатысты мәселелер кешенін зерттеу қажет. Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы негізінде Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Инклюзивті білім беру орталығы қызметкерлерімен Қазақстанның орта білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру жағдайына зерттеу жүргізілді.

Зерттеудің әдіснамасы мен құралдарын әзірлеу үшін ҚР БҒМ Ақпараттық-талдау орталығымен 2017 жылы әзірленген «Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру мониторингінің бірыңғай шеңбері» материалдары [4] мен инклюзивті білім беруді дамыту бойынша отандық практиканы зерделеу, сонымен қатар инклюзия индексын әзірлеу бойынша халықаралық тәжірибені зерттеу негіз болды. Зерттеудің сәйкестілігін және сенімділігін жоғарылату мақсатында әдіснама мен құралдарды әзірлеуде триангуляция әдісі – сандық және сапалық әдістерді қатар пайдаланып, нәтижесінде екі әдіснаманың да артықшылықтарының бірігуіне алып келетін әдіс негізге алынды.

Аталмыш зерттеу жұмысының мақсаты – Қазақстанның орта білім беру ұйымдарындағы инклюзивті білім берудің жағдайын зерттеу. Ол еліміздің орта білім беру ұйымдарындағы инклюзивтілік қағидаттарын іске асыруда қолжеткізілген процестерге баға беруді қамтиды. Мақсатқа қол жеткізу үшін маңызды міндеттер қатары орындалды, олардың ішінде, зерттеу әдіснамасын әзірлеу, бір өңірде пилотты зерттеуді жүргізу, инструментарийді түзеу, деректерді жинау және өңдеу, алынған нәти-

желерді талдау, әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу.

Зерттеу нәтижелерін ескере отырып, алынған деректерді талдау нәтижелері бойынша қазіргі заманғы қазақстандық мектепте инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар ұсынылды.

Зерттеудің мақсатты аудиториясын республикалық маңызы бар 14 облыс пен 3 қаладан педагогтер, ата-аналар, ПМПК және ППТК мамандары қатарынан барлығы 70 720 респондент құрады.

Мектептер бөлінісінде 17 өңірден барлығы 701 мектеп (оның ішінде қазақ, орыс және басқа да оқыту тілдерімен қалалық және ауылдық мектептер) қатысты. Осылайша, сауалнамаға мектептердің жалпы санының 10%-ы қатысты.

Зерттеудің мақсатты топтары ретінде әртүрлі білім беру ұйымдарының: жалпы білім беретін мектептер, жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептер, гимназиялар, лицейлер, сондай-ақ арнайы, халықаралық мектептердің педагогтері қатысты. Меншік нысаны бойынша мемлекеттік және жеке білім беру ұйымдары қамтылды. Сондай-ақ бастауыш, орта және жоғары сынып педагогтері, мамандар мен мектеп әкімшілігі секілді лауазым өкілдері қамтылды.

Деректерді ақпараттық жинау әдіснамалық тұрғыда құрылымдалған сауалнама бойынша респонденттерге онлайн-сауалнама жүргізу арқылы жүзеге асырылды.

Зерттеу құралдарын пысықтау үшін Ақмола облысының білім басқармасы қолдауымен 5 мектепте (педагогтер мен ата-аналар), ПМПК және ППТК-да апробация жүргізілді.

Апробациядан алынған нәтижелерге және сәйкесінше анализге сәйкес зерттеу құралдарына және зерттеуді

үйлестіру бойынша ұйымдастыру мәселелеріне түзетулер енгізілді.


Онлайн сауалнаманы жүргізу үшін Google Forms сервисі пайдаланылды.

НӘТИЖЕЛЕРІ

Халықаралық практикаға сәйкес инклюзивті білім беру үш аспектіде қарастырылады. Сондықтан зерттеу жұмыстары инклюзивті мәдениетті құру, инклюзивті саясатты дамыту, инклюзивті практиканы дамыту сияқты үш аспект бойынша жүргізілді. Бұл мақалада біз әр аспект бойынша кейбір сұрақтарға тоқталамыз.

Мектепте инклюзивті білім беру мәдениетін құру мектеп социумына ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды қосу табыстылығының маңызды шарттарының бірі болып табылады. Тиімді жұмыстың міндетті шарты – білім беру ұйымдарының психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік, медициналық қызметтерінің өзара байланысы мен үйлесімді жұмысы. Ерекше білім беруді қажет ететін баланы тәрбиелеп отырған отбасыны білікті, кәсіби қолдау баланың тұлғалық дамуында әртүрлі қиындықтарды еңсеруге, өзіндік мүмкіндіктер мен қабілеттерді түсінуге көмектеседі.

«Ата-аналар мектептің оқыту мен тәрбиелеу процесіне толығымен тартылған деп ойлайсыз ба?» сұрағына қатысты ата-аналардың жауаптары (1-сурет) мектеп ортасында инклюзивті мәдениетті қалыптастыруға қатысты табыстылық кілті – отбасы мен мектептің өзара серіктестігіне негізделеді деген тұжырымды растай түседі. Қазіргі заманғы қазақстандық мектеп әкімшілігі мен педагогтері инклюзивті ортаның орын, сынып кабинеті, ресурс еместігін, білім алушыларға өз даралығын дамытуға мүмкіндік беретін білім беру процесі идеясын қабылдау екендігін анық білуі тиіс.



1-сурет. «Ата-аналар мектептің оқыту мен тәрбиелеу процесіне толығымен тартылған деп ойлайсыз ба?» деген сұрақ бойынша ата-ана жауаптарының көрсеткіші

Жалпы, инклюзивті мәдениет индикаторларын іске асыру мәселесі бойынша нормативтік құқықтық құжаттар мен жиналған материалдарды талдау Қазақстанда инклюзивті білім беруді енгізу бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын, бірақ жүйелі және кешенді түрде жүргізілмейтінін көрсетті. Еліміздің орта білім беру саласындағы негізгі заңнамада мектептегі инклюзивті мәдениет индикаторлары тікелей көрсетілмеген, заңға тәуелді актілерде барлық қажетті штат бірліктері және олардың инклюзивті ортаны құрудағы функционалдық міндеттері айқын жазылмаған.

Инклюзивті саясатты әзірлеу де ерекше білім беруді қажет ететін балаларды табысты оқытудың басты шарттарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының саясаты барлық азаматтардың әлеуметтік, экономикалық, мәдени мәртебесіне қарамастан тең дәрежеде сапалы білім алу құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған.


Соңғы жылдары елімізде инклюзивті саясат қарқынды дамып келеді, бірқатар

құжат ратификацияланды, заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізілуде. Әрине, бұл құжаттардың барлығы еліміздің барлық балаларының сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін маңызды мәнге ие. Бірақ, шешуді талап ететін кейбір мәселелер де жоқ емес.

Ұлттық білім беру деректер қоры мәліметтері бойынша, соңғы үш жылда инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған ЖАО-ға ведомстволық бағынысты күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің үлесі 2018 жылғы 60%-дан 2020 жылы 75%-ға дейін, яғни 15%-ға ұлғайғанын көруге болады (2-сурет) [5].

Сонымен қатар инклюзивті білім берумен қамтылған ерекше білім беруді қажет ететін, оның ішінде даму мүмкіндігі шектеулі балалардың үлесі өңірлер бөлінісінде айтарлықтай ерекшеленетінін байқауға болады, бұл ретте тек кейбір өңірлердің көрсеткіштері жағдай жасаған мектептер үлесінің және инклюзивті білім берумен қамтылған балалар үлесінің көрсеткіштері бойынша салыстырмалы түрде жақын.

Мұндай жағдайдың ең ықтимал себебі – білім беру ұйымдарының ҰБДҚ деректерін толтыру кезіндегі нақты критерийлердің болмауы. Осыған байланысты инклюзивті білім беру индикаторларына сәйкес бірқатар критерийлерді нақтылау қажет екені анық.




2-сурет. Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған ЖАО-ға ведомстволық бағынысты күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің үлесі

Барлық білім беру ұйымдарында инклюзивті саясат пен инклюзивті мәдениет негізінде инклюзивті практиканы дамыту қажет. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беру процесіне қосу процесін инклюзивті педагогиканың негізгі принциптерін терең түсінбей және сақтамай тиімді іске асыру мүмкін емес.

Білім берудің инклюзивті тәжірибесін дамыту үшін бірден іске аспайтын жүйелі құрылымдық өзгерістер қажет. Бірақ олардың ішіндегі ең күрделісі – педагогтің психологиясынан бастап (ең қиыны) экономикалық және қаржылық

негіздерге дейінгі бүкіл жүйенің жұмыс істеуі үшін адамдардың кәсіби ойлауы мен санасындағы өзгерістер.

«Сыныбыңыздағы кейбір білім алушылардың оқытудағы қиындықтарының себептерін анықтау үшін кәсіби біліктіліктеріңіз жеткілікті ме?» деген сұрақ бойынша 69% респондент «иә, жеткілікті» деп жауап берсе, 25% «жартылай, себебі қосымша қолдауға мұқтажбын» деп жауап берді. Респонденттердің 6%-ы оқытудағы қиындықтарының себептерін анықтау үшін кәсіби біліктіліктері жеткіліксіз екендіктерін білдірді (3-сурет).



3-сурет. «Сыныбыңыздағы кейбір білім алушылардың оқытудағы қиындықтарының себептерін анықтау үшін кәсіби біліктіліктеріңіз жеткілікті ме?» деген сұрақ бойынша педагогтер жауаптарының көрсеткіші

Аталмыш сұраққа педагогтердің жауаптарын талдау заманауи реалийлер мен мүмкіндіктерге сәйкес педагогтерді әдістемелік қолдау форматтарын қайта құру қажеттілігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанда әлемнің дамыған өзге елдері секілді мемлекеттің білім беруді дамыту саласындағы маңызды міндеті – әрбір баланың сапалы білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Бірінші кезекте, педагогтер барлық білім алушыларды қолжетімді және сапалы біліммен қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік міндет балалардың ешқайсысын жоққа шығармайтынын түсініп, қабылдауы қажет. Инклюзивті білім беру барлық балалардың жеке мүмкіндіктерін кеңейте түседі, адамгершілікке, төзімділікке баулиды, құрдастарына көмектесуге дайын болуға көмектеседі.

Мектептегі инклюзия қоғамдағы инклюзияның көрсеткіші болып табылады. Сол себепті инклюзивті білім беру балалардың әртүрлілігін қабылдаудан, балалармен жұмыс істеуге, олардың ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін анықтауға дайындықтан, олардың отбасыларымен жеке білім беру маршрутын құрудан, мұндайда баланың толыққанды әлеуметтік кірігуі үшін қажетті мамандар мен жергілікті атқарушы органдар тарапынан сыртқы қолдауды қамтамасыз етуден басталуы тиіс.

Барлық педагогикалық қауымдастық, білім беру жүйесі, ата-аналар жас ұрпақ тығыз байланыста дамитын мәдени құнарлы қабатты құруы тиіс. Мектептегі инклюзивті мәдениетті дамыта келе барлығына бірдей жоғары инклюзивті мәдениетке ие қоғамды қалыптастыруға талпыну қажет.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555>
2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000056>
3. «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636>
4. Рамка мониторинга инклюзивного образования в Республике Казахстан. Министерство образования и науки Республики Казахстан АО «Информационно-аналитический центр», 2017.
5. «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің статистикасы» Ұлттық жинақ – «Ақпараттық - талдау орталығы» АҚ: Нур-Султан, 2021. – 313 бет.

Л.А. БУТАБАЕВА, С.К. ИСМАГУЛОВА, Г.А. НОГАЙБАЕВА,
М.Ж. ТЕМИРБАЕВА, А.К. ЖУСИП

**ТЕКУЩЕЕ СОСТОЯНИЕ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ
В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

Национальная академия образования им. И. Алтынсарина,
г. Нур-Султан, Республика Казахстан

e-mail: l_askarovna@mail.ru, svetlana_isk@list.ru, nogaibaeva09@mail.ru,
maiya_tem@mail.ru, zhussipaidana@gmail.com

L.A. BUTABAEVA, S.K. ISMAGULOVA, G.A. NOGAIBAEVA,
M.Zh. TEMIRBAEVA, A.K. ZHUSSIP

THE CURRENT STATE OF INCLUSIVE EDUCATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

National academy of education named after Y. Altynsarin,
Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan

e-mail: l_askarovna@mail.ru, svetlana_isk@list.ru, nogaibaeva09@mail.ru,
maiya_tem@mail.ru, zhussipaidana@gmail.com

Аннотация. В статье представлены результаты исследования состояния инклюзивного образования в организациях среднего образования Казахстана на основе оценки достигнутого прогресса в реализации принципов инклюзивности. Для достижения цели исследования выполнен ряд необходимых мероприятий: разработана методология исследования, проведено пилотное исследование в регионах, соответственно внесены изменения в инструменты исследования, обобщены и обработаны данные, полученные в ходе исследования, проанализированы результаты и даны соответствующие выводы.

Ключевые слова: дети с особыми образовательными потребностями, инклюзивное образование, качественное доступное образование, создание инклюзивной культуры, разработка инклюзивной политики, развитие инклюзивной практики.

Abstract. The article presents the results of a study of the state of inclusive education in secondary education organizations in Kazakhstan based on an assessment of the progress made in implementing the principles of inclusivity. To achieve the purpose of the study, a number of measures were carried out: the research methodology was developed, the study was tested in the regions, changes were made to the research tools, the data obtained during the study were summarized and processed, the results were analyzed and appropriate conclusions were drawn.

Keywords: children with special educational needs, inclusive education, quality affordable education, creation of inclusive culture, development of inclusive policy, development of inclusive practice.

FTAMP 14.35.01

Л.К. МАКИНА¹, Н.А. САЙЛАУГАЛИЕВА²

¹п.ф.к., доцент,

Абай атындағы ҚазҰПУ

²«7М01902 – Арнайы педагогика: Логопедия» мамандығының

2-курс магистранты,

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР 5-6 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҰСАҚ МОТОРИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балалар үшін сөйлеу мен практикалық әрекет арасында көңіл бөлу қиындық тудырады, тіпті іс жүзінде орындалмайтын міндет болып табылады. Ал сөйлеу әрекетінің қолдың ұсақ моторикасының дамуына ықпалы зор. Мектепке дейінгі жастағы сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларда қол қимылының жеткіліксіз координациясы байқалады. Ұсақ моторика бұл қол білезігі мен саусақтар арқылы әр түрлі нақты қимыл-қозғалыстарды жүзеге асыруға бағытталған адам қозғалысының координацияланған жиынтығы болып табылады. Тұрмыстық өмірді адамға ұсақ моториканың қандай да бір қимылдарын минут сайын орындауға тура келеді: түймелеу, ұсақ заттармен манипуляция, жазу, сурет салу және т.с.с., сондықтан ұсақ моториканың дамуына өмір сүру сапасы тікелей қатысты болып табылады.

Мақалада мектепке дейінгі жастағы сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балалардың ұсақ моторикасының қалыптасуы мен ерекшеліктері қарастырылған. Осы мәселе бойынша арнайы психологиялық және педагогикалық әдебиеттерге шолу жасалған.

Түйін сөздер: сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балалар, мектепке дейінгі жастағы сөйлеу бұзылыстары бар балалар, ұсақ моторика.

Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балалар – есту қабілеті сақталған, ақыл-ойының бірінші реттік бұзылыстары жоқ, алайда психиканың дамуына айтарлықтай әсер ететін сөйлеу бұзылыстары бар балалар. Осы категорияға сөздік қоры өте аз немесе мүлдем сөйлемейтін балалар жатады [1].

Зиятының жеткілікті дамуына қарамастан, аталған балаларда психикалық дамуының артта қалуы екінші реттік кемістік болып қалу ықтималдығы жоғары. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балаларда сөйлеу тілінің дыбыстық, лексикалық және сөйлеу тілінің грамматикалық жағының дамымай қалуы тән, сонымен қатар ойлаудың шектеулігі,

сөздерді топтастыру және жалпылау, оқу мен жазу кезіндегі қиындықтар байқалады.

Баланың сөйлеу тілі оны қоршаған ересектердің сөйлеу тілінің тікелей ықпалымен қалыптасады және көп жағдайда жеткілікті сөйлеу тәжірибесіне, сөйлеу ортасының мәдениетіне, тәрбиелеу мен оқытуға байланысты болады.

Сөйлеу бұзылыстары сөйлеу тілінің әртүрлі компоненттеріне әсер етуі мүмкін. Олардың бірі тек айтылу процестеріне ғана қатысты және сөйлеу тілі қабілеттілігінің төмендеуінен байқалады. Басқалары тілдің фонематикалық жағын қозғайды және тек айтылу бұзылыстарында ғана емес, сонымен қатар оқу мен

жазуды бұзуға әкеп соқтыратын сөздің дыбыстық құрамын жеткіліксіз меңгеруден де көрінеді. Үшіншіден, баланың жалпы мектепте оқуына кедергі келтіруі мүмкін сөйлеу тілінің коммуникативтік жағының бұзылуы болып табылады. [2]

Сөйлеу тілінің ең күрделі бұзылыстары тілдің фонетикалық-фонематикалық, сондай-ақ лексикалық-грамматикалық жақтарын қамтиды, сөйлеу тілінің жалпы дамымауы – былдырдың болмауынан бастап, сөйлеудің толық қалыптаспауына дейін, сонымен қатар фонетикалық және сөйлеу тілінің лексикалық, грамматикалық дамымау сынды элементтермен сипатталады. Сөйлеудің тілінің күрделі бұзылуларынан алалия, афазия, тұтықпа, жалпы сөйлеу тілінің дамымауы және дизартрияның әртүрлі түрлері жатады [3].

Сөйлеу тілі күрделі бұзылған балалардың негізгі белгілері: есту қабілеті және ақыл-ойы қалыпты кезде сөйлеу қарым-қатынасының айқын байқалатын шектеулігі. Мұндай бұзылыстары бар балалардың сөздік қоры кедей, кейбіреулері мүлдем сөйлемейді, айналасындағылармен сөйлеу қарым-қатынасы шектеулі. Бұл балалардың көбісі оларға қаратып айтылғанды түсіне алғанына қарамастан, өздері айналасындағылармен сөздік формада толыққанды қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігінен айырылған.

Сөйлеу әрекетінің қолдың ұсақ моторикасының дамуына ықпалы зор. Мектепке дейінгі жастағы сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларда қол қимылының жеткіліксіз координациясы болады. Ұсақ моторика бұл қол білезігі мен саусақтар арқылы әр түрлі нақты қимыл-қозғалыстарды жүзеге асыруға бағытталған адам қозғалысының координацияланған жиынтығы болып табылады.

Ұсақ моториканың қалыптасуы бұлшық ет, сүйек, жүйке жүйесі мен көру жүйелерінің функцияларының үйлесімді келісімімен жүзеге асады.

Т.А. Власова мен М.С. Певзнер моториканы адамға тән қозғалыс реакциялары, біліктер, дағдылар мен күрделі қозғалыс әрекеттерінің жиынтығы деп есептейді. Түзету тұрғысынан жалпы моторика, ұсақ моторика және артикуляциялық моторика деп бөлінеді [4].

Ұсақ моторикаға алуан түрлі қозғалыстардың көптеген саны жатады: затты ұстау сынды ең қарапайым жесттерден бастап, адамның жазуы тәуелді болатын өте ұсақ қозғалыстарға дейін жатады.

Л.В.Антакова-Фомина, Т.Ю.Гогберашвили, Е.Г. Гришина, С.Н. Котягина, А.В. Семенович, Л.С. Цветкова анатомиялық тұрғыдан ми қабығының қозғалыс проекциясының барлық аумағының үштен бірін сөйлеу тілдік аймаққа өте жақын орналасқан қол білезігінің проекциясы алатынын дәлелдеді. Сол себепті баланың сөйлеу тілінің дамуы қолдың ұсақ моторикасының дамуымен тығыз байланысты болып табылады [5].

Саусақ моторикасы мен сөйлеу функциясы арасындағы байланыс балалар мен жасөспірімдер Институтының зерттеушілерімен дәлелденді, зерттеушілер қатарында А.В. Антакова-Фомина, М.М. Кольцова, Е.И. Исенин бар. [6].

Тұрмыстық өмірді адамға ұсақ моториканың қандай да бір қимылдарын минут сайын орындауға тура келеді: түймелеу, ұсақ заттармен манипуляция, жазу, сурет салу және т.с.с., сондықтан ұсақ моториканың дамуына өмір сүру сапасы тікелей қатысты болып табылады.

Танымал педагог М.Монтессори ұсақ моториканың ерекшеліктерін зерттей отырып, баланың сөйлеу тілі мен қол қимылының арасындағы байланысты атап өтті, егер балада сөйлеу тілінің бұзылыстары болса, онда оның ұсақ моторикасы жеткіліксіз дамыған деп нақтылады [7].

И.П. Павлов сөйлеу тілі мен бұлшық ет сезімдері сөйлеу тілі ағзаларынан мидың қабықтарына бірге баратынын анықтады: «жалпы сөйлеу тілінің дамымауы бар

балаларда сөздік нұсқаумен қимылдарды орындау, әсіресе қимыл актілерінің серияларын орындау үлкен қиындық тудырады. Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалар қалыпты дамыған құрдастарына қарағанда кеңістік уақыттық параметрлер бойынша қимылды тапсырмаларды ұрыс орындауда артта қалады, қозғалыс әрекетінің кезектілігін орындай алмайды, сонымен қатар оның құрылымдық бөліктерін орындамайды. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларда тапсырманы орындау барысында өзінөзі басқару жиі болмайды» [8].

Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балалар үшін сөйлеу мен практикалық әрекет арасында көңіл бөлу қиын, іс жүзінде орындалмайтын міндет болып табылады. Бұл ретте оларда нақтылайтын және айқындаушы сипаттағы сөйлеу реакциялары басым болады, ал сөйлеу тілі қалыпты дамыған балаларда осы сәтте орындалатын әрекетке қатысы жоқ ілеспелі сипаттағы күрделі реакциялар байқалады.

В.А.Ковшиков алалиясы бар балалардың жүйкесоматикалық бұзылыстарын сипаттай отырып, жалпы моторлық епсіздігін, координация мен қозғалыс нақтылығының жеткіліксіздігін, әсіресе «қол», «ұсақ» моториканың жеткіліздігін атайды. Сонымен қатар автор дәл осындай симптомдар басқа сөйлеу тілдік патологиясы бар балаларда байқалатынын айтқан. Бұл симптомдар алалияға сәйкес ретінде қарастырылады, алайда оны шарттамайды [9].

В.П. Дудьев жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың ұсақ моторикасына эксперименталды зерттеу жұмыстарын жасайды. Бұл категориядағы балаларда моторлық жетіспеушілік: темптің баяулауы, сабақ соңында қозғалыстың нақты еместігі болады. Қолдың ұсақ қозғалыстарының қалыптаспауы әр қолмен қарама қарсы қозғалыстарды орындағанда, олардың жұмысының жеке сипатында,

саусақ қозғалыстарының нақтысыздығы мен аритмикалығынан, басқару мен қозғалысты реттеу процесстерінің жеткіліксіздігінен, қозғалыс актысының кинетикалық әуезділігін жасаудағы қиындықтардан көрінеді. [10]

О.С. Бот жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың жоғарыда аталған қиындықтарын атай отырып, қол саусақтарының қозғалысын қалыптастыру бойынша бірқатар тәсілдер мен жаттығуларды ұсынады.

Фонетикалық-фонематикалық жетіспеушілігі бар балалардың қол моторикасын арнайы зерттемеген, алайда осы салада қызмет атқарған авторлар саусақ моторикасының жеткіліксіздігін, өзіне өзі қызмет көрсетуде, бейнелеу өнерімен айналысқанда, жазуды үйренгенде қиындықтардың болатынын атаған.

Г.А.Волкова сенсомоторлы алалиясы бар балаларда жалпы және ұсақ моторикасының, мимикасының, оральды праксисінің жағдайында ауытқулардың бар екенін тұжырымдайды.

В.П. Глуховтың (1985) зерттеулері жалпы сөйлеу тілінің дамымауы бар балалардың қиялының ерекшеліктері туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Осы топтағы балалар қиялдың өнімді қызметінің деңгейі бойынша қалыпты дамып келе жатқан құрдастарынан артта қалады. Берілген геометриялық фигуралар бойынша суреттерді орындауға және берілген суреттерді аяқтауға арналған тапсырмаларды орындауда сөйлеу тілі қалыпты дамып келе жатқан балалар күрделі сөйлеу кемістігі бар балаларға қарағанда орта есеппен 5 үлгіге көп жасайды. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларда ең жақын қоршаған ортаның үлгісі мен заттарын көшіретін 2,5 есе көп суреттер байқалады, оларда өз суреттерінің қайталануы және тапсырмаларға сәйкес келмейтін суреттер де бар. Сөйлеу тілінде күрделі бұзылысы бар ба-

лалар үшін штамптарды пайдалану және біртектілік тән, оларға жұмысқа қосылу үшін едәуір көп уақыт қажет, оның процесінде үзіліс ұзақтығы едәуір ұлғайған, қызметтің сарқылуы байқалады.

М.М. Кольцованың ұсақ моториканың және сөйлеу функциясының тығыз байланысын, оның ішінде электрофизиологиялық зерттеулердің деректерін куәландыратын эксперименталды деректерді талдай отырып, «сөйлеу облыстарын морфологиялық және функционалдық қалыптастыру кинестетикалық импульстердің қолдың әсерінен жасалады» деген қорытындыға келді. Ғалым ерекше атап өткендей, «бала кезінде қол бұлшық еттерінің проприоцептивті импульсациясының сөйлеу моторлы аймағын қалыптастыруға әсері өте үлкен». Яғни, бұл фактіні балалармен жұмыста және дер кезінде сөйлеу дамуы жағдайында, әсіресе сөйлеу тілінің дамуы кешіктірілген жағдайда пайдалануға үлкен мән берген жөн. Қол саусақтарының қимылдарын жаттықтыру арқылы балалардың сөйлеу тілінің дамуын ынталандыру ұсынылады (М. М. Кольцова, 1973; Л. В. Антакова-Фомина, 1974) [11].

Бірқатар эксперименттік зерттеулер балаларда экспрессивті сөйлеу тілінің қалыптасуы сөйлеу-қозғалыс анализаторының мүмкіндіктеріне айтарлықтай қатысты екенін көрсетеді, ал сөйлеу-қозғалыс анализаторының функционалды жағдайы сөйлеу тілдік артикуляцияның сипатын анықтайды (В.И. Бельтюков, 1964, 1972, 1976). Сонымен қатар сөйлеу қозғалыс анализаторы мен оның функционалды жағдайы адамның жалпы ағзасының моторлы функцияларының ұйымдастырылуымен тығыз байланысты. (Н.А. Бернштейн, 1947; Л.В. Антакова-Фомина, 1974 және т.б.) бұл өзара байланыспен өзара тәуелділік басқа патологиялық кемістікті түзету үшін сақталған функцияны қолдануға мүмкіндік беретіні маңызды болып табылады.

Г.И. Акинщикованың ойы бойынша жалпы сөйлеу тілі мен қолдың патогенетикалық бұзылыстарында әр функционалды жүйенің ішіндегі талдау-жинақтау әрекет деңгейінің төмендеуі, мидың функционалды жұмысқа қабілетін анықтайтын, ми құрылымының бүтіндігі мен функционалды толық дамуының бұзылысы жатыр.

М. М. Кольцованың пікірінше, саусақтардың қимылдарын жаттықтыру бойынша жүйелі жаттығулар сөйлеудің дамуына ынталандырады, сонымен қатар, «ми қабығының жұмыс қабілеттілігін арттырудың қуатты құралы» болып табылады. Көптеген эксперименталды деректерге негізделген бұл қорытынды педагогикалық қарым-қатынаста ерекше қызығушылық тудырады [11].

Логопедиялық тәжірбиеде сөйлеу және басқа да психикалық үдерістердің дамуына қозғалыстардың жағымды әсерін ескеру аса маңызды. Сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған мектепке дейінгі мекемелердегі түзету-тәрбие жұмысы жүйесінде ұсақ саусақ моторикасының қимылдарын қалыптастыруға көп көңіл бөлу қажет. Саусақтардың қозғалысын жетілдіру бойынша мақсатты бағытталған жұмыс қолды жазуға дайындау үшін де өте пайдалы екені белгілі. Әсіресе, оның мектепке дейінгі жастағы балалар үшін жалпы сөйлеудің дамымауы бар топтарда рөлі зор, мұнда көптеген балаларда ұсақ саусақ моторикасының қозғалысының дамуында айқын ауытқулар байқалады: қозғалыстар дәл емес, үйлеспеген, саусақпен оқшауланған қозғалыстар қиындық тудырады.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардағы ұсақ саусақ моторикасын дамыту бойынша жұмысты күн сайын 3-5 мин бөле отырып, жүйелі түрде жүргізу керек. Осы мақсатта әртүрлі ойындар мен жаттығулар пайдалануға болады.

Ұсақ саусақ моторика қимылдарын қалыптастыруға бағытталған, сонымен

бірге балалардың зейінін және жұмысқа қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін ойындар мен жаттығуларды логопед және тәрбиеші сабақтарына қосу орынды. Олар сондай-ақ ойындар үшін бөлінген сағаттарда және серуендеу кезінде өткізілуі мүмкін.

Осылайша, ұсақ моториканың және сөйлеудің даму деңгейі зият көрсеткіштерінің бірі және балалардың мектепке дайындығының белгісі болып табылады. Әдетте ұсақ моторикасы жоғары деңгейде дамыған бала логикалық ойлауы да жоғары болады, есте сақтау қа-

білеті мен зейіні, байланыстырып сөйлеуі де жеткілікті дамиды. Артикуляциялық және ұсақ моториканың бұзылуы жазу мен оқуды меңгеруде қиындықтар тудыруы мүмкін, бұл өз кезегінде оқуға теріс көзқарастың пайда болуына, мектеп жағдайларына бейімделу кезеңіндегі қиындықтарға алып келеді. Сондықтан мектепке дейінгі жаста жазуды меңгеру үшін қажетті механизмдер дамыту, баланың қол шеберлігі дағдыларын дамыту, балаға қозғалыс және практикалық тәжірибе үшін қажетті жағдайды жасау маңызды болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Логопедия: Учебник для студентов дефектол. фак. пед. вузов / Под ред. Л.С. Волковой, С.Н. Шаховской - М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 1998.- 57б.
2. Хрестоматия по логопедии / Под ред. Л. С. Волковой, В. И. Селиверстова. М., 1997. (Автор разд. 8.)
3. Хватцев М.Е. Логопедия. - М.: Учпедгиз, 1959. - 58 б.
4. Власова Н.А., Певзнер М.С. Учителю о детях с отклонениями в развитии. М., 1973, 311с.
5. Антакова-Фомина, Л.В., Стимуляция развития речи у детей путем тренировки двигательной пальцев рук. [Электронды ресурсы] http://studbooks.net/734288/psihologiya/teoreticheskie_issledovaniya_razvitiya_melkoy_motoriki_detey_doshkolnogo_vozrasta
6. Кольцова, М.М. Двигательная активность и развитие функций мозга ребенка. [Электронды ресурсы] <http://logopediya.com/vshkole/bibliografiya.php>
7. Монтессори М. Разум ребенка. Москва. 1997.- 176с.
8. Павлов И.П. Поли. Собр. Соч. М.-Л., 1953, т.3, ч.2, С.147 - 161.
9. Ковшиков В.А. Экспрессивная алалия. Л., 1985, 88с.
10. Дудьев В.П. Средства развития тонкой моторики рук у детей с нарушениями речи // Дефектология., 1999., - №4, с. 50 - 54.
11. Кольцова М.М. Роль двигательного анализатора в развитии речи ребенка. //Труды научной конференции по возрастной морфологии, физиологии и биохимии. М., 1972, с. 26 – 28

МАКИНА Л.К.¹, САЙЛАУГАЛИЕВА Н.А.²

ОСОБЕННОСТИ МЕЛКОЙ МОТОРИКИ ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЯМИ РЕЧИ 5-6 ЛЕТ

¹научный руководитель, к.п.н., КазНПУ им. Абая

²магистрант 2 курса по специальности «7М01902 – Специальная педагогика: Логопедия», КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан

MAKINA L.K.¹, SAILAUGALIYEVA N.A.²

FEATURES OF FINE MOTOR SKILLS OF CHILDREN WITH SPEECH DISORDERS 5-6 YEARS OLD

¹scientific supervisor, c.p.s., Kazakh National Pedagogical University named after Abay

²2nd year master student, major in 7M01902 – Special pedagogy: Speech Therapy, Almaty, Kazakhstan,

Аннотация. Для детей с тяжелыми нарушениями речи распределение внимания между речью и практической деятельностью является сложной, практически невыполнимой задачей. Большое влияние речевая деятельность оказывает на развитие мелкой моторики рук. Дети с нарушениями речи в дошкольном возрасте имеют недостаточную координацию движений рук. Мелкая моторика представляет собой координированный набор движений человека, направленных на осуществление различных конкретных движений руками и пальцами. В бытовой жизни человеку приходится ежеминутно выполнять какие-то движения мелкой моторики: застегивать, манипулировать мелкими предметами, писать, рисовать и т. д. поэтому качество жизни напрямую зависит от развития мелкой моторики.

В статье рассмотрены особенности формирования и развития мелкой моторики у детей с тяжелыми нарушениями речи в дошкольном возрасте. Дан обзор специальной психолого-педагогической литературы по данному вопросу.

Ключевые слова: дети с тяжелыми нарушениями речи, дошкольники с нарушениями речи, мелкая моторика

Abstract. For children with severe speech disorders, the distribution of attention between speech and practical activity is a difficult, almost impossible task. Speech activity has a great influence on the development of fine motor skills of the hands. Children with speech disorders in preschool age have insufficient coordination of hand movements. Fine motor skills is a coordinated set of human movements aimed at carrying out various specific movements with hands and fingers. In everyday life, a person has to perform some movements of fine motor skills every minute: to fasten, manipulate small objects, write, draw, etc. therefore, the quality of life directly depends on the development of fine motor skills.

The article discusses the features of the formation and development of fine motor skills in children with severe speech disorders in preschool age. A review of the special psychological and pedagogical literature on this issue is given.

Key words: children with severe speech disorders, preschoolers with speech disorders, fine motor skills.

1	Аманжолова Раушан Шапагатовна	Кафедра «Профессиональное обучение», Казахский агротехнический университет им.С.Сейфуллина, г.Нур-Султан, Казахстан
2	Асқарұлы Д.	магистр историко-гуманитарных наук, АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», филиал «Центр образовательных программ», г. Нур-Султан, Казахстан
3	Ахметова Ботагоз Салиховна	к.б.н., Национальная академия образования им. Ы. Алтынсарина, г. Нур-Султан, Казахстан
4	Бейсембаев Гани Бектаевич	доктор PhD, президент Национальной академии образования имени И.Алтынсарина, г. Нур-Султан, Казахстан
5	Бутабаева Лаура Асқаровна	PhD, Инклюзивті білім беру орталығының директоры, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
6	Гулабуддин Джамалуддин	Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының 2-курс магистранты, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
7	Жүсіп Айдана Қазықанқызы	Инклюзивті білім беру орталығының жетекші сарапшысы, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
8	Заманбекова Ж. С.	С.Сейфуллина атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
9	Искакова Гульназ	магистрант 2 курса кафедры профессионального образования, Казахский агротехнический университет им.С.Сейфуллина, г.Нур-Султан, Казахстан
10	Исмагулова Светлана Кужаковна	Инклюзивті білім беру орталығының бас сарапшысы, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
11	Калиева Б.К.	магистр педагогических наук, АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», филиал «Центр образовательных программ», г. Нур-Султан, Казахстан
12	Караев Жауымбай Амантурлиевич	Доктор педагогических наук, профессор, ГНС Национальной академии образования имени И.Алтынсарина, г. Нур-Султан, Казахстан
13	Мазбаев Орденбек Блесбекович	доктор географических наук, профессор, заведующий лабораторией ЕМН и STEM технологии, Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, г. Нур-Султан, Казахстан
